Қалыптасып отырған жағдай сыртқы және ішкі бірқатар себептерге байланысты. Әдетте, Батыс елдері Қазақстанды отын – шикізат ресурстарын жеткізушісі және олардың өндірістік тауарларын сататын нарық ретінде қарастырады. Орын алып отырған жағдайлардың барлығы бүкіл халық шаруашылығын жаңғырту және осы негізде еліміздің экономика саласындағы бәсекелестік артықшылықтарын кеңейту қажет екендігінің тағы да бір көрнісі. Осыған байланысты Қазақстанның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі экономиканың дамуы мен сыртқы экономикалық байланыстардағы қазіргі инерциялық моделдерін еңсеру, оның халықаралық мамандануындағы отын-шикізаттық бейінін өзгерту. Пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген, түгел қамтитын экономикалық прагматизм бағытындағы Қазақстан Республикасының жаңа болжамы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары¹ қаржылық-экономикалық дағдарысты еңсерудің маңызды міндеттерін алға қойды. Атап айтқанда, импортты алмастыру және жоғары технологиялық тауарлардың экспорты аталған Жоспарды іске асыру шеңберіндегі

қызметтің негізгі бағыттарына айналуы керек. Осы құжатқа сәйкес мемлекет қаржылық және әкімшілік шығындарды азайту арқылы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етуі керек.

Бұл шаралар экономикалық өсудің көзі ретінде сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтуді, озық технологияларды енгізуді, ішкі нарықты сапалы тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету, қазақстандық компаниялардың әлемдік нарыққа шығуын, сыртқы экономикалық қызметтің масштабтары, сипаты мен формаларының өзгеруін қамтамасыз етуге арналған [1]. Жүзеге асырылып жатқан стратегиялық жоспар қолайсыз сыртқы экономикалық жағдаят пен инновациялық саясаттың ең күшті әсері кезеңінде тұрақты экономикалық дамуды және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Жаһандық экономикада Қазақстанның позициясын нығайтатын, сапа параметрлерін жақсартатын, ұлттық шаруашылықты жаңғырту мәселелерін шешуде сыртқы экономикалық салалардың үлесін арттыратын көптеген институттар бар. Аталмыш бағыттар сыртқы экономикалық қызметтің және жалпы ұлттық экономиканың тұрақты өсуіне ықпал етуге қабілетті екендігі сөзсіз. Сонымен қатар, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономикалық дамудың инновациялық моделі, кез-келген елдің әлемдік шаруашылыққа тиімді интеграцияға қолайлы жағдайларды қалыптастыруы, сыртқы экономикалық қызметтің масштабтарының, сипаты мен формаларының өзгеруі кедендік саясат құралдарын ұтымды пайдаланумен тығыз байланысты.

Өз кезегінде кедендік саясат мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының құрамдас бөлігі, оның негізгі компоненті кедендік әкімшілік жүргізу институты болып табылады. Демек, сыртқы экономикалық байланыстарды кеңейтудің жоғарыда аталған басым бағыттарына сүйене отырып ең алдымен, кедендік әкімшілік жүргізудің жаңаша, сапалы өзге даму кезеңіне өтуді талап ететін жаңа қауіптер мен сын-қатерлердің туындауын ескеру арқылы, кедендік әкімшілік жүргізуді дамыту мен жетілдіру өзекті болады.

Кеден саясатын басқару өз қызметінде екі тұрғының арасында болады: біріншіден, қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы нақты бақылауды жүзеге асыру қажеттілігі; екіншіден, кедендік формальдылықты барынша жеңілдету арқылы бизнестің дамуына ықпал ету [2, 47-48 б.]. Яғни, экономикалық мүдделер сауданың дамуымен ғана емес, сонымен қатар тұтынушылық нарықты қанықты-

¹ «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы // (электрондық ресурс) <http://adilet.zan.kz> (жүзінгу мерзімі: 03.11.2020)

ру үшін бәсекеге қабілетті тауарлар мен технологияларды шығарумен де байланысты, бұлар кеден ісінде де көбірек көрініс табады. Демек, Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің жоғарыда аталған ауқымды мүмкіндіктері осы екі маңызды міндетті сәтті шешуге септігін тигізеді.

Біздің елдегі экономикалық қайта құру процесі тәуелді болатын көптеген факторлардың ішінде өндірістік мүмкіндіктерді кеңейтудің маңызды институттарының бірі кедендік әкімшілік жүргізу болып табылады, сондай ақ ол фискалдық, құқық қолдану, бақылау мен реттеу органының функцияларын біріктіретін экспорттық-импорттық операциялар жүйесінде ерекше орын иеленеді. Осы функцияларды негізге ала отырып, кеден қызметі кез-келген мемлекеттің сыртқы экономикалық жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде сыртқы саудаға салық салу саласындағы мемлекеттік басқарудың жалпы қабылданған функцияларын жүзеге асырумен қатар, өз іс-әрекеті ерекше қызмет түрінде көрінетін әлеуметтік-экономикалық институт ретінде белсенді әрекет етеді [1].

Осылайша, кедендік әкімшілік жүргізу Қазақстан экономикасына инвестицияларды тарту, бюджетке кедендік төлемдердің толық түсуін қамтамасыз ету, отандық тауар өндірушілерді, зияткерлік меншік объектілерін қорғау, сыртқы сауданы барынша жеңілдету, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтармен тиімді күресу үшін қолайлы жағдайлар жасауға арналған. Кедендік әкімшілік жүргізуді ұтымды ұйымдастыру әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жүзеге асыру, сыртқы экономикалық қызметті дамыту, кеден қызметін қайта құру мен жаңғырту, оның қоғамға әсер ету сипаты, бұқаралық сананың қабылдауына қолайлы болуымен байланысты. Бұл мемлекеттің сыртқы сауда саласындағы мүдделерін іске асыруға және қазақстандық тауарлар өндірісін дамытуға ықпал етеді, ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге қарсы тұрады.

Кедендік әкімшілік жүргізу – бұл көбінесе өндірістік ресурстарды (жабдықтар, технологиялар, ақпарат, материалдар, адамдар) пайдаланудың тиімділігін және жұмысының нәтижелері тиісті экономикалық, әлеуметтік және басқа көрсеткіштерге сәйкес бағаланатын кеден жүйесінің өзінің қызметінің тиімділігін айқындайтын «кеден органдарының өндіруші ресурсы» болып табылады [3, 20-21 б.].

Соңғы жылдары Қазақстандағы кедендік әкімшілік жүргізу сапасы сыртқы сауда қызметі мен инновациялық бизнесті дамытуда

айтарлықтай жетістіктерге жетті. Фискалдық құрамдас бөлігіне келетін болсақ, олынталандырушы және реттеуші функциялардан әлі аса алмай келеді. Бұл дағдарыстың тереңдеуі жағдайында біздің елдің кеден саясаты мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін толтыруда бұрынғыша маңызды рөл атқара беру себебінен болып отыр. Бұл дәлелді 2019 жылғы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне кедендік төлемдердің түсуіне жүргізілген талдау қолдап қуаттайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ МКК) деректері бойынша, 2019 жылы² кедендік әкімшілік жүргізу есебінен бюджетке салықтар мен кедендік төлемдердің қосымша түсімдері бойынша жоспар 121,3% орындалды. Республикалық бюджет түсімдерінің жартысынан көбі ірі салық төлеушілер мен жер қойнауын пайдаланушылардан түседі.

2020 жылдың 9 айында³ мемлекеттік бюджеттің кірістері (трансферттерді қоспағанда) 97,3%-ға орындалды. Сонымен, бюджет кірістерінің толық орындалмауына коронавирус эпидемиясы жағдайы әсер етті, бұл импортқа ҚҚС түсімдеріне кері әсерін тигізді. Атап айтқанда, былтырғы жылмен салыстырғанда биыл Қытайдан импорт 11%-ға, оның физикалық көлемі 27%-ға төмендеген, Қытайдан келітін тауарлар импортынан кедендік баждар мен салықтардың түсімдері 12%-ға немесе 2,1 млрд. теңгеге азайды. Үшінші тоқсанда халықаралық тауар алмасуда карантиндік шаралардың бәсеңдей бастағанын ескере отырып, ағымдағы жылдың үш айында кедендік статистика жақсы деңгейге көтерілуі мүмкін екендігін атап өту маңызды.

Кедендік баждарды төлеуді уақтылы қамтамасыз ету ҚР ҚМ МКК-нің дұрыс жұмыс істеуі және тиімді ұйымдастырылуы арқасында қамтамасыз етілді. Кедендік төлемдерді жинау мен төлеуде жоғары нәтижеге қол жеткізу жаңа ақпараттық технологияларды мақсатты түрде дамыту және кейіннен қолдану, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды оңтайландыру, құқық қорғау қызметінің тауарларды шығарғаннан кейін бақылау нысандарын ұтымды қолдану нәтижесінде мүмкін болды. Демек, сыртқы сауданың дамуына ықпал ету тұрғысынан кедендік әкімшілік жүргізудің стратегиялық мақсатына жету факторларының бірі экспорттық-импорттық операциялардың барлық операторларына мемлекеттік қызметтерді сапалы ұсыну болды. Тиімді және сапалы мемлекеттік қызметтер кедендік операцияларды уақтылы аяқтау үшін қажетті

² «Kursiv» ақпараттық агенттігі / <https://kursiv.kz/news/finansy/2019-05/v-kazakhstane-uvelichilis-nalogovye-postupleniya-v-byudzhet> (жүзіну мерзімі: 03.11.2020)

³ Қазақстан республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер Комитетінің ресми сайты / <https://kgd.gov.kz/ru/news/ob-itogah-deyatelnosti-komiteta-gosudarstvennyh-dohodov-mf-rk-za-9-mesyacev-2020-goda-1-73935> (жүзіну мерзімі: 03.11.2020)

кедендік рәсімдердің жылдамдығын арттыру мен уақытты қысқарту жолымен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың және тауарлардың соңғы тұтынушысының сауда ағындарының қарқындауын және шығындарды азайту үшін қолайлы жағдайлар жасады. Сонымен қатар, кедендік әкімшілік жүргізуге жоғары технологияларды енгізудің арқасында сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ақпараттандыру және оларға консультация беру тәжірибесінің артуы, сондай-ақ кедендік инфрақұрылымды және оның техникалық жабдықталуын одан әрі дамыту және жетілдіру, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің өткізу мүмкіндігінің кеңеюі кедендік төлемдерді жинауға ықпал етті.

Еліміздің Кеден одағына, алдымен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберінде, содан кейін Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) шеңберіне кіруін ескере отырып, Қазақстан Республикасының кеден органдары тұрақты экономикалық даму үшін мемлекеттің мүдделеріне сәйкес келетін кеден саласындағы негізгі институттарды қалыптастыра алды. Жекелей алғанда, тиімді кедендік реттеудің арқасында құрылған органдар кеден органдарының шеңберінде экономикалық қауіпсіздікке төнетін қатерлерге байыпты қарсы тұруды қамтамасыз етеді, озық технологияларды кешенді енгізуді жүзеге асырады және ішкі нарықты сапалы тұтыну тауарларымен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Экономикалық қауіпсіздік, өз кезегінде, ақпараттық қауіпсіздікпен тікелей байланысты. Сондықтан, кедендік органдардың ақпараттық қауіпсіздігін және ақпаратты техникалық қорғауды күшейтпестен, қазіргі заманғы кеден органдары мемлекеттік бюджеттің кірістер бөлігін құрайтын шегерімдердің қазіргі деңгейіне жеткізе алмайды және одан да көп ақпараттық технологияларды қолданбай және оларды жаңартпай сыртқы сауда қарқынын арттыра алмайды.

Сонымен қатар, әлемдік экономиканың жаһандануы мен қаржы-экономикалық дағдарыс процестерінің жалғасуы объективті түрде кеден ісі саласындағы мемлекеттік қызметтерді одан әрі сапалы дамытуды, сондай-ақ кедендік әкімшілік жүргізу институтын дамыту мен жетілдіруді талап етеді [1]. Кедендік әкімшілік жүргізуді мақсатты түрде жетілдіру әмбебап құралдарды қалыптастыру және әлемнің динамикалық түрде өзгеруі мен мемлекеттің ішкі саясатына байланысты тиімділік көрсеткіштерін белгілеу арқылы жүзеге асырылуы керек. Ол үшін сыртқы сауданың соңғы жылдардағы қарқынды өсуіне байланысты барлық қажетті алғышарттар қалыптасты. Бұл алғышарттар сыртқы сауда айналымын мемлекеттік реттеудің тетіктері мен құралдарын жетілдіру мәселелеріне ерекше маңызды ғылыми негіз-

делген көзқарас жасайды, мұнда Қазақстан Республикасының кеден қызметі жүйесі ерекше рөл атқарады.

Кедендік әкімшілік жүргізу сыртқы сауда айналымын жүзеге асырудың белсенді қатысушысы болып қана қоймай, сонымен қатар өндірістік-технологиялық және сауда коммуникациясының күрделі жүйесін жүзеге асырады. Кедендік әкімшілік жүргізу Қазақстан Республикасы мен ЕАЭО кедендік заңнамалық базалары шеңберінде отандық нарыққа ықпал ету құралына айналуы керек.

Қазақстанның халықаралық интеграциялық процестерге қатысуы Дүниежүзілік кеден ұйымының қызметіне және кедендік рәсімдерді үйлестіру мен жеңілдету туралы халықаралық келісімдерге толыққанды қатысуға бағытталған. Аймақтық деңгейде бұл – ТМД, ЕАЭО, ШЫҰ және басқалары сияқты интеграциялық топтарға белсенді қатысу болып табылады. Осыған байланысты кедендік әкімшілік жүргізу интеграциялық процестердің маңызды факторына айналууда. Бұл шаралардың барлығы тұтыну нарығын жоғары сапалы тауарлармен және технологиялармен толтыру арнасына айналуға тиісті, кедендік әкімшілік жүргізу жүйесін дамыту және жетілдіру мақсатындағы біздің еліміздің кеден қызметінің іс-әрекетін әрі қарай үйлестірумен байланысты. Сондықтан, халықаралық сауда айналымының ұлғаюы жағдайында кеден қызметі Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарлардың экспорттық-импорттық ағындарын тоқтатпау үшін, кедендік рәсімдеуді дамыту мен жетілдірудің заманауи технологияларын енгізуге мәжбүр.

Кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытудың тиімді саясатын іске асыру үшін, атқарушы биліктің мемлекеттік органдары мен іскер топтардың алдында Қазақстан Республикасындағы кедендік әкімшілік жүргізу механизмдері мен құралдарын жетілдіру бойынша ауқымды міндет тұр. Қойылған міндеттерді шешу кезінде оларды жүзеге асыру процесінде, шиеленіскен қаржылық-экономикалық дағдарыс жағдайында біздің елде кеден қызметінің дамуына кедергі болатын аса күрделі мәселелер туындауы мүмкін екені жоққа шығарылмайды. Сонымен бірге, мүмкін кедергілердің пайда болуын және фискалдық тәуекелдердің өсуін ескере отырып, кедендік әкімшілік жүргізу механизмі мен құралдары қағидалы тұрғыда жаңа нысандарға ие болуы тиіс. Демек, қазіргі дағдарыстық жағдайдан шығу үшін кедендік әкімшілік жүргізуді одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету қажет, сондықтан оның қызметіне түбегейлі қайта құрулар келесі басым бағыттар бойынша енгізілуі тиіс.

1. Тауарларды декларациялау және шығару кезінде кедендік операцияларды жүргізу мерзімдерін ең аз уақытқа дейін төмендету.

Ол үшін тауарларды декларациялау кезінде талап етілетін құжаттар тізімін минимумға дейін қысқарту, сондай-ақ сыртқы сауда келісім-шартын, кедендік төлемдерді төленгенін және декларанттың өкілеттіктерін растайтын басқа құжаттарды ұсыну қажеттілігінен бас тарту қажет. Бұл күрделі рәсім қажетсіз және сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға негізсіз міндеттемелер жүктейді. Осыған байланысты Қазақстанның кеден органдарының негізгі қызметтерінің бірі болып табылатын перспективалы инновациялық ақпараттық кедендік технологияларды одан әрі дамыту және жетілдіру қажет болады. ҚР ҚМ МКК өзінің кәсіби қызметінің тиімділігі мен соңғы тұтынушыға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында заманауи технологияларды енгізудің дәйекті саясатын жүргізеді. Кедендік ақпараттық технологиялар деп ең алдымен заманауи ақпараттық жүйелерді пайдалануға және деректерді электронды түрде таратуға негізделген технологиялар түсініледі. Бұл технологиялар кедендік рәсімдеу және кедендік бақылау процестерін оларды автоматтандыру арқылы жеңілдетуге және жеделдетуге арналған. Кедендік ақпараттық технологиялар бизнес үшін быршама қолайлы жағдай қалыптастыруға, сондай-ақ кедендік рәсімдерді жеделдетуге және жеңілдетуге мүмкіндік береді. Осы бағытта тауарларды шығару туралы автоматты түрде шешім қабылдау технологиясы өте белсенді енгізілуде. Мұндай шараны жүзеге асыру адами факторды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құрамдастарының кері әсерін жоюға қабілетті.

Маңызды сәттердің бірі – тауарларды қашықтықтан шығару яғни, декларацияланған тауарлардың орналасқан жеріне қарамастан шығару мүмкіндігі. Кедендік бақылауды құжаттық және нақты бақылауға бөлу қағидаты негізінде бұл тәжірибені одан әрі кеңейту қажет. «Қашықтықтан шығару» ұғымы кедендік инспектор жеке өзі көрмеген немесе физикалық тұрғыдан одан қашықтықта тұрған тауарларға қатысты кедендік бақылауды жүргізу мен аяқтауды білдіреді. Қашықтан шығару технологиясы ыңғайлылығымен, экономикалық тиімділігімен және қашықтықта кедендік операцияларды жасау мүмкіндігімен байланысты біздің бизнесте белсенді түрде сұранысқа ие. Қашықтан шығару технологиясын жүзеге асыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде, ол кеден қызметінің іс-әрекетінде сәтті енгізілілуде.

2. Кедендік баждарды төлеу механизмін жетілдіру. Кедендік төлемдерді төлеу механизмінде тауарлармен кедендік операцияларды жедел іске асыруға ықпалын тигізбеген көптеген кемшіліктер болды. Сондықтан бүгінгі таңда кеден қызметі алдында кедендік төлемдерді төлеу тетігін оңайлату және оны барынша айқын ету міндеті тұр.

Қазіргі уақытта кеден органдарында ке-

дендік төлемдерді қашықтықтан төлеу жүйесі құрылған. Кедендік төлемдерді қашықтықтан төлеу – бүгінгі күнде төлем жүйесінің ең танымал қызмет көрсетулерінің бірі. Бұл кедендік операцияларды жүзеге асыруға, атап айтқанда тауарларды декларациялауға кететін уақытты едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Мұндай технология электронды нысанда декларациялау кезінде кедендік төлемдерді төлеуді кеден органының орналасқан жерінен тыс жерде орнатылған электрондық терминалдың көмегімен төлеуге мүмкіндік береді [4, 143]. Сондықтан барлық кеден органдарына қашықтықтан кедендік төлемдерді төлеуге мүмкіндік беретін жүйеге толық көлемде және барлық жерде қосылуды қамтамасыз ету қажет.

Кедендік әкімшілік жүргізуді жетілдірудің тиімді шарасы кедендік төлемдерді төлеу процесін кешенді автоматтандыру болып табылады. Бұл ұғым кеден органдары мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасындағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпарат алмасуды автоматтандыруды қамтиды. Бәрінен бұрын бұл кеден органдарының есепшоттарына ақша қаражаттарының түсімі туралы ақпаратты енгізу мерзімінің қысқаруы. Кедендік төлемдерді есепке алуды орталықтандыру және оларды төлеуді ҚР ҚМ МКК деңгейінде қамтамасыз ету жағдайда ғана кешенді автоматтандыруда толық тиімділікке қол жеткізуге болады.

3. Кедендік құнды бақылау тетіктерін қайта қарау. Бұл бағыттағы бірінші кезектегі міндет – жекелей алғанда баға ақпаратын, талдау жүйесін және тәуекелдерді басқаруды пайдалануды, оның ішінде тәуекел бейіндеріне қойылатын талаптарды белгілеу жолымен жетілдіруді қарастыратын, тауарлардың кедендік құнын бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыруға көшу.

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға кеден құнын декларациялауды оңтайландыру, көлемін қысқарту, оны күмәнді декларациялау, тіпті кедендік баждардың өзгермеген ставкаларымен де кедендік төлемдердің өсуіне алып келеді. Сонымен бірге, ішкі нарықта отандық және шетелдік өндірушілер арасындағы бәсекелестікті реттеу процесінде және елдің ішкі нарығының әр түрлі секторларындағы шетелдік экспорттаушылардың бағалық артықшылықтарын бейтараптандыру процесінде кедендік төлемдердің рөлі артып келеді. Әкелінетін тауарларды дұрыс декларацияламаумен байланысты теріс пайдаланылушылықты азайту және кедендік әкімшілік жүргізудің сапасын арттыру мақсатында тарифтік жүйенің ашықтығын арттыру қажет. Осылайша, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы тасымалданатын тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бағалау саласындағы кедендік әкімшілік жүргізу-

ді оңтайландыру елімізге бірден екі маңызды міндетті шешуге мүмкіндік береді: кедендік баждардың реттеуші және қорғаныс функцияларын күшейту және мемлекеттің бюджеттік кірістерін кедендік баждардың ставкаларын көтермей және қолданыстағы кедендік тарифті өзгертпей өсіру.

Қолданыстағы кедендік тарифтің тиімділігін арттыру және декларациялау мен кедендік құнды бақылауды жақсарту мақсатында ЕАЭО деңгейінде шешімдер қабылдау қажет болады [4, 144]. Ең алдымен, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мен әкету кезіндегі кедендік құнын анықтауға және растаумен айналысатын кеден органдары бөлімшелерінің ұйымдық мәртебесін арттыру қажет.

4. Кедендік бақылауды тауарды шығарғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру.

Халықаралық сауданың өсіп келе жатқан көлемін ескере отырып, дүниежүзілік қауымдастықтың кеден қызметтері тауарларды шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыруға бейім болып келеді. Бұл тауарлардың өтуін жеделдетуге және кеден қызметінің ресурстарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Тауарларды шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау процедурасы Қазақстан Республикасының кеден заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету және кедендік әкімшілік жүргізуді жетілдіру бойынша біршама перспективтік шаралардың бірі болып табылады. Бұл рәсім тауарларды шығаруды жедел жүзеге асыруға және толыққанды кедендік бақылау үшін көбірек уақыттың болуына мүмкіндік береді. Алайда, оң нәтиже көбірек болу үшін кеден органдарының сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға деген сенімділік дәрежесін арттыруы маңызды. Инновациялық және бәсекеге қабілетті экономикаға қарай дәйекті қозғалыс кезінде оның айтарлықтай бөлігінде кедендік бақылауды тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге беру тәжірибесін кеңейту және жеделдету заңды және табиғи қажеттілік болып табылады [5, 71-72].

Кедендік бақылауды тауарлар шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстырудың артықшылығы, СЭҚ ТН бойынша кедендік құнды бақылау мен тауарлардың кодын анықтау алгоритмі сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен бірге көптеген көлемдегі құжаттар мен мәліметтерді қарастыруды талап етеді. Тауарлардың коды мен құны туралы ақпаратты біліксіз анықтап көрсету есептелетін кедендік төлемдер мөлшеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Демек, өнім кодын анықтаудағы кез-келген қателік кеден органдарының

немесе сыртқы экономикалық қызметке қатысушының мүдделерін бұзуға әкелуі мүмкін. Сондықтан экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және экономикалық дағдарысты еңсеру үшін тыйым салулар мен шектеулерге жатпайтын тауарларды әкетудің оңайлатылған тәртібін қарастыру, мұндай тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулердің жоқтығын растайтын құжаттарды алу рәсімін жеделдету және жеңілдету қажет. Мұндай жаңашылдық экономиканың дамуында орасан зор рөл атқаратын шағын және орта бизнестің дамуына өте салмақты әсер етуі мүмкін, өйткені ол бәсекенің дамуын ынталандыра отырып өндіріс тиімділігін арттырады, сонымен қатар салықтарды бюджетке тұрақты аударым көзі болып табылады.

Қазақстан экономикасының инновациялық даму жолына өтуі интеграциялық үдерістердің кеңеюін бұлтартпай бағамдайды. Осы басым бағытты іске асыру шеңберінде ҚР ҚМ МКК 2020-2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы сыртқы саясат тұжырымдамасының тең орындаушысы болып табылады⁴.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының 2020-2030 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасын әзірледі, ол қазіргі уақытта мемлекеттік органдармен талқылануда.

Жобаға сәйкес, жақын болашақта кеден органдарының қызметі ең алдымен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне бағытталатын болады. Тұжырымдама жобасын әзірлеушілер ел экономикасының барлық деңгейлерін Бірыңғай экономикалық кеңістікпен қамту бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше барлық мемлекеттердің кеден заңнамасын біркелкі қолдануы үшін бірыңғай технологиялық алаң құру қажет деп санайды.

Сонымен қатар, Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына (ДСҰ) кіруіне байланысты халықаралық сауданы одан әрі дамыту, сондай-ақ дүниежүзілік қатынастар мен сыртқы экономикалық қызмет жүйесінде қазақстан экономикасының байланыстарын жандандыру мақсатында кеден заңнамасында «кедендік шекара», «кеден саясаты» сияқты ұғымдарды қалпына келтіруді қарастыру қажет.

Кеден заңнамасының ұғымдық аппаратын қалпына келтіру туралы соңғы ұсыныспен келісе отырып, сондай-ақ мұндай тізімді өз кезегінде біз бірнеше жылдар бойы ұсынып келе жатқан «кедендік әкімшілік жүргізу» ұғымын түсіндірумен толықтыруды ұсыну керек [6; 7].

Бұл бағдарламалық құжаттар Қазақстанның тек сыртқы экономикалық дамуына ғана

⁴ «Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 280 Жарлығы // (электронды ресурc) <http://adilet.zan.kz> (жүгіну мерзімі: 03.11.2020)

емес, оның жалпы экономикасына өте маңызды әсер етеді.

Осы бағдарламалық құжаттарды іске асыруға ҚР ҚМ МКК қатысуы сыртқы сауда қызметін дамытуға ықпалын тигізетін, кедендік әкімшілік жүргізудің дамыуы мен жетілуіне байланысты.

Бұл ең алдымен, ЕАЭО-ның кедендік шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың шығындарын азайтуға, кеден ісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтармен және қылмыстармен тиімді күресу мүдделері

үшін ішкі нарықты сапасыз және жалған тауарлардан қорғауға мүмкіндік береді.

Кедендік әкімшілік жүргізуді дамыту мен жетілдірудің белгіленген бағыттары көрсетілген міндеттерді орындауға кең мүмкіндіктер береді. Атқарушы билік органдарының атынан да, бизнес-қауымдастық атынан да сыртқы экономикалық қызметтің барлық қатысушыларының белсенді өзара әрекеттесуінсіз оларды тәжірибелік тұрғыдан шешу мүмкін емес. Әрине, бұл жолда бізге кеден ғылымын дамытуға және жетілдіруге, оған теориялық және әдістемелік қолдау көрсетуге тура келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Джабиев А. П. Институт таможенного администрирования как фактор развития внешней торговли / *Международная торговля и торговая политика* 2015 г. № 1. – С. 19-32.
2. Досмырза Д. Система таможенного администрирования в государственном управленческом процессе / *Вестник Института законодательства Республики Казахстан* №1-2 (29-30) 2013 г. – С. 45-50.
3. Досмырза Д. Таможенное администрирование: понятие, мнение// *Таможенно-налоговый бюллетень* № 13-14, ноябрь 2014 г. – С. 20-21.
4. Малахова А.А. Ориентиры совершенствования таможенного администрирования / *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, vol. 10-2 (49), 2020. С. 141-144.
5. Пилипчук В.В., Семенова Н.К., Плоткина Н.П. Актуальные вопросы и перспективы развития инновационной деятельности в системе таможенных органов / *Таможенная политика России на дальнем востоке* № 1 (90)/2020. - С. 68-78.
6. Досмырза Д. Совершенствование теоретико-доктринальной основы таможенного законодательства Республики Казахстан / *Материалы международной научно-практической конференции «Новые возможности социально-экономического развития в условиях формирования цифровой экономики»*, *Казахский университет экономики, финансов и международной торговли*, 30 ноября 2018 г. - С. 188-192.
7. Досмырза Д., Берназарова Р.Д. Таможенное администрирование в рамках Евразийского Экономического Союза / *Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли* № 3, 2018. - С. 64-71.

REFERENCES

1. Dzhabiev A. P. Institut tamozhennogo administrirovaniya kak faktor razvitiya vneshnej trgovli / *Mezhdunarodnaja trgovlja i trgovaja politika* 2015 g. № 1. – S. 19-32.
2. Dosmyrza D. Sistema tamozhennogo administrirovaniya v gosudarstvennom upravlencheskom processe / *Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan* №1-2 (29-30) 2013 g. – S. 45-50.
3. Dosmyrza D. Tamozhennoe administrirovanie: ponjatie, mnenie// *Tamozhenno-nalogovyy bjulleten'* № 13-14, nojabr' 2014 g. – S. 20-21.
4. Malahova A.A. Orientiry sovershenstvovanija tamozhennogo administrirovaniya / *International Journal of Humanities and Natural Sciences*, vol. 10-2 (49), 2020. S. 141-144.
5. Pilipchuk V.V., Semenova N.K., Plotkina N.P. Aktual'nye voprosy i perspektivy razvitiya innovacionnoj dejatel'nosti v sisteme tamozhennyh organov / *Tamozhennaja politika Rossii na dal'nem vostoке* № 1 (90)/2020. - S. 68-78.
6. Dosmyrza D. Sovershenstvovanie teoretiko-doktrinal'noj osnovy tamozhennogo zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan / *Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Novye vozmozhnosti social'no-jekonomicheskogo razvitiya v uslovijah formirovaniya cifrovoj jekonomiki»*, *Kazahskij universitet jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli*, 30 nojabrja 2018 g. - S. 188-192.
7. Dosmyrza D., Bernazarova R.D. Tamozhennoe administrirovanie v ramkah Evrazijskogo Jekonomicheskogo Sojuza / *Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli* № 3, 2018. - S. 64-71.